

2007 жылы облыс ормандарын өrtке қарсы қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 91 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 15 мамырда N 1646 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Орман кодексінің 15-бабын орындау үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2007 жылы орман өrtтінің алдын алу және облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында онымен күресу жөніндегі өrtке қарсы іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Жеке тұлғаларға өrt қаупі кезеңінде мыналарға тыйым салынсын:

Солтүстік Қазақстан облыстық табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің келісімінсіз ормандарда мәдени-бұқаралық іс - ш а р а л а р

ө т к і з у г е ;

ормандағы жұмыстарда тұтандырғыш жүйесінде ақаулықтары бар және үшқын сөндіргіші жоқ автомобильдерді және басқа механизмдерді пайдалануға тыйым салынсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысының білім департаменті оқушылар мен студенттер арасында ормандағы өrt қауіпсіздігі шараларын сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізсін.

4. Солтүстік Қазақстан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті автомобиль жолдары жиегіндегі минералданырылған алқаптарды таза жағдайда ұстасын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасына (келісім бойынша) автомобиль жолдары жиегіндегі тоқсауыл және қорғаныш алқаптарын тиісті өrtке қарсы жағдайда ұстau ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.С.Біләловке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің 2007 жылғы 10 сөүірдегі N 91 қауысына
қосымша

2007 жылғы орман өртінің алдын алу және облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында онымен күресу жөніндегі өртке қарсы іс-шаралар жоспары

Іс-шаралар	Жауптылар	Орындалу мерзімі
1. Өрт-химиялық стансаны, өртке қарсы жасақтарды, тірек бекетін, қажетті қызметкерлерімен өртке қарсы керек-жарактарымен және техникамен, жанар-жағар май материалдарымен жабдықтау. Орман өрттерін табу және сөндіру бойынша құралдарды толығымен дайындау	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	ағымдағы жылдың 4 маусымына дейін
2. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ормандарда өрт қауіпсіздігі тәртібін бұзған кінәлілердің жаупкершілік шараларын түсіндіріп орман өртінің алдын алу бойынша кеңінен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	Унемі
3. Өрт қауіп кезеңінде мемлекеттік орман қорғау мекемелері техникалық құралдарын орман қорғауга байланысты жұмыстарға пайдалануды қамтамасыз ету	Петропавл қаласы және аудан әкімдері	4 маусымнан бастап өрт қауіп кезеңінде аяқталуына дейін
4. Жоғарғы өрт қауіп кезеңінде техникалық құралдардың шектеу және орман ескерткіштері мен ерекше коргалатын табиғат аумақтарына, қылқанды орманға жеке тұлғалардың баруына тыйым салу, кіретін жерлерге уақытша біріккен жол полициясы мен мемлекеттік орман қорғау бекетін қою	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, ішкі істер департаменті, табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	ағымдағы жылдың ма мыр айы
5. Жоғарғы өрт қауіп кезеңінде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында мекендеуіне, орман пайдалану құқығын тоқтатуға дейін тыйым салу	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	Унемі
6. «Қоршаган ортага орман өртінің әсер етуі» тақырыбына жалпы мектеп жиналышы, сынның сағаттар, азаматтар жиылымының кестесін әзірлеу және бекіту	Аудан әкімдері, білім беру және ауыл шаруашылық департаменттері	кесте бойынша
7. Орман және дала өртімен қамтылған аумактардан тұрғындарды эвакуациялау жүргізу мәселелері қарастыру	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті	кесте бойынша

8. Орман коры жерлерінде және орман массивтері аумағында орналасқан объектілерге өрт-техникалық тексеріс жүргізу	Солтүстік Қазақстан облысының өртке қарсы қызмет департаменті	ағымдағы жылдың сәуір-мамыр
9. Көктем-егістік жұмыстарын дайындау және өткізу бойынша аудандық кеңестерде облыс ормандарын сақтау мәселелерін қарастыру	Петропавл қаласы және аудан әкімдері, ауыл шаруашылық департаменті, табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	өткізу шамасы бойынша
10. Өртке қарсы іс-шараларды орындау бойынша айлық өткізу	Аумақтық орман және аң шаруашылығы басқармасы, ішкі істер басқармасы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті, Солтүстік Қазақстан облысының төтенше жағдайлар нысанындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы, табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	ағымдағы жылдың 4 маусымынан 4 шілдеге дейін, 20 тамыздан 20 қыркүйекке дейінгі кезеңдер
11. Негұрлым көп барылатын және өрт қауіпі орындарына жол бағыттарын езірлеу	Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы	ағымдағы жылдың 4 маусымы